

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 ақпандағы N 102 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің "Қазқайтажаңарту" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Мәскеу қаласында аумағын жайластыра отырып, Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнату жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі заңнамада **б е л г і л е н г е н** **т ә р т і п п е н** :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген занды тұлғамен 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде 161800000 (бір жүз алпыс бір миллион сегіз жүз мың) теңге сомасында қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы **ш а р т ж а с а с у д ы** ;

2) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындаитын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі